

**"Ұлттық пошта операторының немесе пошта операторларының өтініштері бойынша халықаралық пошта алмасу орындарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 277 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 17 қазандағы № 371 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 13 қарашада № 15985 болып тіркелді

"Пошта туралы" 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 12) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ұлттық пошта операторының немесе пошта операторларының өтініштері бойынша халықаралық пошта алмасу орындарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 277 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14549 болып тіркелген, 2016 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлттық пошта операторының өтініштері бойынша халықаралық пошта алмасу орындарында:

мынадай мазмұндағы, реттік нөмірлері 7 және 8-жолдармен толықтырылсын:

"

--	--	--	--

	<p>"Аэропорт "Сары-Арқа Әуежайы" акционерлік қоғамы, 100422, Қарағанды облысы, Бұхар-Жырау ауданы, Үштөбе ауылы, есептік квартал 067, 025 жер телімі</p>	<p>KZKGFA KARAGANDA PCI-1 – ІОПЖ жазбаша хат-хабар ү ш і н ; KZKGFV KARAGANDA PCI-3 халықаралық сәлемдемелер үшін; KZKGFC KARAGANDA PCI-4 – ІОПЖ сәлемдемелер үшін;</p> <p>KZKGF D KARAGANDA P C I - 5 – халықаралық жазбаша хат-хабар ү ш і н ; KZKGF E KARAGANDA EMS – EMS жөнелтілімдері ү ш і н ; KZKGF F KARAGANDA P C I - 7 – бос ыдыс ү ш і н</p>	<p>"Қазпошта"</p>
<p>7 Қарағанды – Әуежай ХПАО</p>			

			акционерлік қоғамы
8	Еркін экономикалық аймақ "Қорғас – Шығыс Қақпасы"	Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Пенжім ауыл округі, есептік квартал 085, жер телімі 1330	K Z Z R K A KHORGOS PCI-5 – жазбаша хат-хабар үшін; K Z Z R K B KHORGOS PCI-3 – халықаралық сәлемдемелер үшін; K Z Z R K E KHORGOS EMS – EMS жөнелтілімдер үшін; K Z Z R K F KHORGOS PCI-7 – бос ыдыс үшін

"

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс департаменті (З. Худайбергенова):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін қағаз және электрондық түрде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар  
министрі

Д. Абаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2017 жылғы 24 қазан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК